

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
24.02.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 24.02.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Райымқұлова Ақтоты Рақметоллақызына беріледі.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Қайырлы таң, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Аталған заң жобасын қабылдаудың мақсаты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін көрнекі ақпарат мәселелері бойынша жетілдіру болып табылады.

Заң жобасының негізгі бағыттары:

бірінші – деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу;

екінші – деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің теңтүпнұсқалы аудармасын (аутентичность) сақтап отырып жазу;

үшінші – «Мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы» деген ұғым енгізу.

Көрнекі ақпарат құралдары – олар баннерлер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, баға көрсеткіштері және тағы басқа құралдар, елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін маңызды құралдар болып табылады.

Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу талабы қазақ тіліндегі мәтіндердің сапасыз жазылуына, орфографиялық қателерге жол бермеуге бағытталған.

Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің теңтүпнұсқалы аудармасын сақтап отырып жазу талабы қоғамда екі тілде (қазақ және орыс

тілдеріндегі) берілген мәтіндердің мағыналық, мазмұндық жағынан сәйкес келмеуі фактілерін жоюға бағытталып отыр.

Көрнекі ақпаратты ашық кеңістікте және ғимараттар ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен қатар кез келген кәсіпкерлік субъектілері жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік субъектілері көрнекі ақпаратты өз өнімі мен қызметін ілгерілету құралы ретінде пайдаланады.

Мемлекеттік органдарға азаматтардан көрнекі ақпаратты орналастыру кезінде тіл туралы заңнама талаптарының бұзылуына байланысты шағымдардың көптеп түсуі орын алуда. Осы орайда мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпараттың болмауын азаматтар Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында бекітілген өз құқықтарына қысым жасау деп санайды.

Көрнекі ақпаратқа қатысты заң бұзушылықтар бойынша мемлекеттік органдарға 2018 жылы 12 мың 886 өтініш, 2019 жылы 12 мың 900 өтініш келіп түскен. 2020 жылы көрнекі ақпараттар бойынша жедел желіге (call center) келіп түскен шағымдар саны 3 мың 442-ні құраған.

Аталған проблемаларды шешу мақсатында заң жобасы аясында Қазақстан Республикасының 13 заңнамалық актісіне түзетулер енгізу көзделіп отыр. Олар:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске;

2) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға;

3) «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңға;

4) «Темір жол көлігі туралы» Заңға;

5) «Автомобиль көлігі туралы» Заңға;

6) «Жарнама туралы» Заңға;

7) «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға;

8) «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңға;

9) «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Заңға;

10) «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Заңға;

11) «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға;

12) «Пошта туралы» Заңға;

13) «Кинематография туралы» Заңға.

Күтілетін нәтиже:

мемлекеттік тілдің көрнекі ақпаратта міндетті түрде қолданылуын қамтамасыз ету;

деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазуды қамтамасыз ету;

мәтіндердің екі тілде теңтүпнұсқалылығын сақтап жазуды қамтамасыз ету.

Заң жобасын қабылдау еліміздегі тіл саясатын тиімді іске асыруға ықпал ететін болады, теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ақтоты Рахметоллақызы! Қолданыстағы «Кинематография туралы» Заңда Қазақстан Республикасында қазақ тіліндегі емес фильмдердің көрсетілуі мен прокатталуы кезінде қазақ тілінде дубляж жасау, субтитрленуге, не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуі тиіс екендігі көзделген.

Осы орайда заң жобасында фильмдерге қазақ тілінде дубляж жасау, субтитрлеу немесе кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз ету кезінде орфография және аударма нормаларына сәйкес сөздердің орын тәртібін сақтау, оның дыбысталу нормаларының сақталуы және сөздерді дұрыс құрастыруға байланысты бірқатар қосымша талаптардың енгізіліп отырғандағы қуантатындығын атап өткен жөн.

Фильмдерді прокаттау кезінде жаңа талаптардың орындалуына тексеру жүргізу тетіктері қандай болатындығын түсіндіріп өтуіңізді сұраймын. Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға көп рақмет.

Өзіңіз айтқандай, «Кинематография туралы» Заңда Қазақстан Республикасының аумағына кіретін фильмдердің бәрі не дубляждалуы керек, не субтитрленуі керек немесе кадрдан тыс аударма болуы керек деген норма бар, бұл норма сақталады. Және осы заң жобасында фильмдерді қазақ тілінде дубляж жасауда сөздердің дұрыс қолданылуы, дыбысталуының дұрыстығы, теңтүпнұсқалықтан кетпеуі, мазмұнының дұрыстығы, орфографиялық талаптары сақталатын норма қарастырылуда. Осы нормалардың бұзушылығы бойынша шағымдар түсетін болса, онда заңның бабына сәйкес прокаттау куәлігін екі айға дейін тоқтатуға біздің құқығымыз бар.

Біздің елге кіретін фильмдердің бәрі прокаттау куәлігін алады. Прокаттау куәлігі болғанда ғана фильмдерді көрсетуге құқықтары болады. Егер осы нормаларды орындамайтын болса, мысалы, орфографиялық немесе басқа да талаптары бұзылған фильмдерді шығаратын болса, оларға куәлікті бермеуге, екі айға дейін тоқтатуға, оны алып қоюға біздің құқығымыз бар. Жалпы, бұл ақпарат бұрмаланған болып табылады. Бұл кинематография саласында қазақ тілін дұрыс пайдалануға және теңтүпнұсқалық аударма жасауға жақсы норма деп ойлаймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НУРКИНА А.К. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства здравоохранения.

Законопроектом вносится дополнение в Кодекс «О здоровье народа и системе здравоохранения» о том, что тексты маркировки, стикеров лекарственных средств и медицинских изделий должны излагаться в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О языках в

Республике Казахстан», в том числе по соблюдению аутентичности и орфографии.

Эту норму мы, конечно, поддерживаем. Ведь не секрет, что от правильного и точного перевода медицинской терминологии и описания общей характеристики зависят жизнь и здоровье нашего населения.

В этой связи у меня возникают вопросы:

1. Кто будет заниматься переводом?

2. Есть ли специалисты, обладающие медицинскими знаниями, для осуществления качественного перевода общей характеристики лекарственных средств на государственном языке? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Аңсағанұлы Қиясов.

ҚИЯСОВ Е.А. Спасибо за вопросы.

Сегодня данной проблематикой занимаются Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий и Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

Кроме того, с 27 января 2021 года в рамках экспертизы лекарственных средств осуществляется проверка аутентичности перевода общей характеристики лекарственных средств – как маркировки, так и инструкций, этикеток, стикеров и других описательных документов.

В составе данных подразделений есть специалисты, которые обладают медицинским образованием, а также имеют допуски по филологическим решениям проблематики.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ақтоты Рақметоллақызы! Өзіңіз білетіндей, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21-бабында тек көрнекі ақпараттың мәтіндерін мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыру бойынша ғана талаптар көзделген. Бұл талап бұзылған жағдайда әкімшілік жауаптылық та көзделген.

Осы заң жобасында көрнекі ақпаратты ресімдеу кезінде орфографиялық нормалары мен аударманың теңтүпнұсқалығын сақтау бөлігінде де талап енгізілді. Бұл ретте осы қосымша талап бұзылған жағдайда әкімшілік жауаптылық заң жобасында мүлдем көрсетілмеген.

Құрметті Ақтоты Рақметоллақызы, түсіндіріп беріңізші, жалпы, ұсынылып отырған жаңашылдық іс жүзінде қалай орындалатын болады? Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға көп рақмет.

Дұрыс айтасыз, бүгін қарастырылып жатқан заң жобасына ұсынылған нормалар қазақ тілінің дұрыс пайдаланылуына, теңтүпнұсқалығына және мағыналы аударманың болуына оң нәтиже береді деп ойлаймыз.

2018 жылға дейін жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік бақылау функциясы болатын. 2018 жылы кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалар қарастырылғанда мемлекеттік бақылау

функциясы алып тасталған. Алайда қазір заңдардың нормалары бойынша әдістемелік көмек, рейд болып тұрады. Бұл құзыретті органның және жергілікті атқарушы органның құзыретінде. Осы рейд бойынша әдістемелік көмектерімізді көрсетеміз. Сонымен қатар «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге кәсіпкерлерге өз ұсыныстарымызды беріп, олқылықтарды жоюға үлкен жұмыс жасалып жатыр.

Сондай-ақ call center бар. Шағымдар түскен жағдайда ол бойынша әдістемелік ретінде біздің және жергілікті органдардың ұсыныстары беріліп, олқылықтарды жою бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Осы қарастырылып отырған нормалар қазақ тілінің дұрыс пайдаланылуына оң әсерін тигізеді деп ойлаймыз.

Сонымен қатар жұмыс тобының жұмысы барысында бақылау функциясын кіргізу туралы айтылды. Депутаттар осы бақылау функциясы қажет десе, онда осы функцияларды қарастыруға біз дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жазалау шаралары бойынша. Менің білуімше, қазір жұмыс тобы әкімшілік жазалау шараларын қарастыру бойынша Үкіметке өз ұсыныстарын берді. Солай ғой? Енді Үкімет қорытынды дайындайды. Соның барлығын ескеріп, жан-жақты талқылап, екінші оқылымға дейін дұрыс және тиісті шешім қабылдауымыз керек. Сондықтан депутаттардың ұсыныстары бойынша Үкіметтің қорытындыларын алғаннан кейін екінші оқылымның алдында жұмыс тобында қарастыратын боламыз.

Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА А.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне сұрағым бар.

Бүгінгі күні жолаушыларға арналған ақпарат әуе көлігінде болсын, жерүсті көлігінде болсын, яғни көліктің барлық түрлерінде, сондай-ақ әуежайларда, вокзалдарда, порттарда мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі. Мен мына мәселелерді нақтылап алғым келеді.

Бірінші сұрақ. Тасымалдаушылар бұл талаптың сақталуын қалай қамтамасыз етіп отыр?

Екінші сұрақ. Заң жобасымен берілетін көрнекі ақпарат орфография нормалары мен мәтінің теңтүпнұсқалы аудармасын сақтай отырып жазылуға тиіс деген норма енгізіледі. Қазақстанның туристік тартымдылығын арттыру мақсатында депутаттар теміржол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда және порттарда жолаушыларға арналған көрнекі ақпаратты қажет болған кезде ағылшын тілінде беру бөлігінде түзету енгізіліп отыр.

Осыған байланысты Сіздің министрлік ұсынылып отырған заңнамалық өзгерістерді тасымалдаушылар тарапынан сақталуын қалай қамтамасыз етеді?

Осы сұрақтарыма жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қамалиев Берік Сайлауұлы.

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Сұрақтарыңызға рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазіргі таңда жол және көлік инфрақұрылымы нысандарының жолаушыларға қызмет көрсету

орындарында көрнекі ақпарат қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Ал әуежай мен теңіз порттарында қосымша ағылшын тілінде беріледі.

Өз кезегінде ұсынылған нормалар көрнекі ақпаратты тиімді реттеуге, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға, біздің халықаралық тасымалдауды және туризмді әрі қарай дамытуға мүмкіндік берері сөзсіз. Оны жаңа өзіңіз де атап өттіңіз. Сондықтан біз бүгін депутаттар ұсынып отырған түзетулерді қолдаймыз, осы бағытта жұмыс жасаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтарымыз аяқталды.

Ақтоты Рақметоллақызы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті депутаттар, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Берік Әбдіғалиұлына беріледі.

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Б. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қарастырылатын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Үкіметтің бастамасымен әзірленіп Парламент Мәжілісінің қарауына 2020 жылғы 6 қарашада енгізілген.

Заң жобасы қоғамдағы жиі көтеріліп жүрген сыртқы жарнамалар мен маңдайшалардағы, басқа да көрнекі ақпараттардағы қазақ тілінің сауатты жазылуы және мәтіндердің түпнұсқалы аудармасы бойынша қосымша талаптарды белгілеу арқылы Қазақстан Республикасының заңнамаларын жетілдіруге бағытталған.

Жұмыс тобының жетекшісі ретінде оның жұмысы туралы қысқаша хабардар етуге рұқсат етіңіздер.

Жұмыс тобының төрт отырысы өткізіліп, онда 40-тан астам қазақ тілінің сауатты жазылуын талап ететін және қолдануын кеңейтетін түзетулер ұсынылды.

Заң жобасын талқылау кезінде мемлекеттік органдар жағынан да, жұртшылық жағынан да барлық мүдделі тараптардың, оның ішінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының өкілдерінің, басқа да сарапшылардың пікірлері тыңдалды.

Депутаттық корпусстың белсенді қатысуымен заң жобасымен жұмыс істеу барысында бірқатар нақты ұсыныстар әзірленді.

Бұл түзетулер соңғы кезде қоғамда, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жиі көтеріліп жүрген қазақ тілінің мәртебесі мәселелерін шешуге бір қадам жақындатады деп үміттенеміз.

Өкінішке орай, әлі де көшелердегі қазақ тілінде қате жазылған ақпараттан құтыла алмай келеміз.

Сондықтан көрнекі ақпаратты мемлекеттік тілде орналастыру талабы, міндетті түрде орфография нормаларын және мәтіннің түпнұсқалы

аудармасын сақтау талаптарын бекіту – кәсіпкерлік субъектілердің және әрбір азаматтың жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Заң жобасына Палатаның барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, аталған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Әбдіғалиұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы орфография нормаларын және мәтіндердің теңтүпнұсқалы аудармасын сақтау жөніндегі талаптарды айқындап, бекіту арқылы деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Салалық заңдарда мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерді «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның талаптарына сәйкес орналастыру бойынша міндеттерді көрсету ұсынылады.

Бұл алдағы уақытта кез келген өнімді таңбалаудағы, олардың қаптамаларындағы, қораптарындағы, заттаңбаларындағы аударманың, сондай-ақ теміржол вокзалдарында, автовокзалдар мен автостанцияларда, порттарда, әуежайларда, маңдайшаларда орналастырылатын көрнекі ақпарат пен басқалардың аудармасының қате болуына және теңтүпнұсқалы болмауына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Теміржол вокзалдарында, автовокзалдар, автостанциялар мен бекеттерде, порттарда көрнекі ақпараттың тек мемлекеттік және орыс тілдерінде ғана емес, қажет болған кезде ағылшын тілінде жазылуын айқындауды орынды деп санаймыз. Бұл еліміздің туристік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берер еді.

Осылардың бәрін ескере отырып, заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дархан Қамзабекұлы.

Құрметті әріптестер, тағы талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Қаулы қабылданды.



*Дүррис! Күресіммен қамтамасыз ету
Білімнен сектор меңгерушісі
Мауф Н. Шағындағы.*